

МЕКТЕПКЕ ДЕЙІНГІ ЖӘНЕ БАСТАУЫШ БІЛІМ БЕРУДІҢ САБАҚТАСТЫҒЫ МЕН ҮЗДІКСІЗДІГІН ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ

Бакраденова А.Б., п.ғ.к., қауымдастырылған профессор

Таурбекова А.С., п.ғ.магистрі, аға оқытушы

І.Жансүгіров атындағы Жетісу университеті, Талдықорған қаласы

E-mail: altyn.bakradenova@mail.ru, taurbekova71@mail.ru

Мақалада авторлар мектепке дейінгі оқу-тәрбие ісінде баланың танымы мен тілін дамытатын материалдардың бастауыш сыныптағы сабақтастығы туралы мәселе көтерген. Көркем әдебиет үлгілері арқылы баланың ана тілін балабақшада, отбасында және бастауыш мектепте үздіксіз дамыту педагогтер мен ата-ананың жұмыс нәтижесі деп есептейді.

Тірек сөздер: *Асыл мұра, ойын өлеңдер, мысалдар, дидактикалық ойын, ұйымдасқан оқу іс-әрекеті, мектепке дейінгі білім және бастауыш сынып бағдарламсы, сабақтастық*

В статье авторы поднимают вопросы подачи литературных материалов в дошкольнoми в начальном образовании, что развивает о непрерывном развитии знания и разговорной речи ребенка. Считают, что преемственность в работе детского сада, школы и семьи окончательный результат работы педагогов и родителей.

Ключевые слова: *Драгоценное наследие, игровые стихи, примеры, дидактические игры, организованное обучение, дошкольное образование и программа начальной школы, преемственность*

In the article, the authors raise the issues of the presentation of literary materials in preschool and primary education, which develops about the continuous development of knowledge and colloquial speech of the child. They believe that continuity in the work of the kindergarten, school and family is the final result of the work of teachers and parents.

Key words: *Precious heritage, game poems, examples, didactic games, organized learning, preschool education and primary school program, continuity*

Дәстүрлі халықтық педагогикадан алыстану қазіргі озық технологиялар заманында ұлт тәрбиесінде небір кемшіліктер тудыруда. Бүгінде аталар мен әжелер аузынан өлең-жырлар мүлде естілмейді, оларды смартфондар мен планшеттер атқарады. Әлди жырды, халықтың жүрек түкпірінен шыққан нақыл сөздерді, тәрбиелік мағынадағы аңыз әңгіме, ертегілерді, авторлық туындыларды балаларға керек кезде ғана техникадан іздейтін заманда өмір сүріп жатырмыз. Дегенмен, асыл мұра бөбек кезінен баланың құлағына анасының әлдиімен, тәй-тәй басқан өмірінің әр қадамында үлкендердің мейірімді сөздерімен көкірегіне құйылып жатса, әдеби туындылар, нақыл сөздер балаға нағыз рухани азық болмақ. Сондықтан, балабақшалар мен бастауыш мектептің алғашқы сатысында ұйымдастырылатын оқу-тәрбие жұмыстары халықтық коммуникативтік негізде ұлттық әдеби шығармаларға құрылған оқу құралдарына, дидактикалық материалдарға сүйенуі тиіс. Балабақшада берілетін білім алынады, ал үйінде басқа тілде сөйлейтін отбасылары балаға ұлттық қарым-қатынасты, салт-дәстүрді, ағайын-туғандарға деген сыйласымдылық, үлкенге құрмет көрсету, кішіге қамқорлық жасау сияқты ізеттілік иірімдеріне, жағымды мінезге тәрбиелеу қай тілде жүріп жатыр деген ойға итермелейді. Әлихан Бөкейханов үлкендердің еңбегі мен баланы қоршаған табиғатты тамашалату ерекше әдіс екендігін атап өтіп: «Тәжірибе көзбен көрген, қолмен ұстағаннан басталады. Ақыл, зерек тексеріп көрген, терең тоқып, кестелеп көзбен көргеннен, қолмен ұстағаннан қорытынды шығарады. Бұл неше сыннан өтіп, таспадай сыдырылып, таяқтай жанылып, білім негізі болып шығады.» деп жазған [1,58]. Бұл пікірден байқайтынымыз: ғалым-педагог оқыту мазмұнын ұлттық психологиямен

байланыстыруға үлкен мән берген. Болашақта өз елінің патриоты болып өсетін баланың мінезі ұлттық рухта қалыптасуы көркем сөзге байланысты екенін ұлт зиялылары ескертіп өткен. Осы ұстаным-қағидатты баланың сәби кезеңінен ұстап келеміз бе?

Баланың ұлттық рухының бастау көзі – балаларға арналған көркем әдебиет үлгілері. Балаға бесігінен тыңдатылатын халық жырларымен, ертегілерімен қатар балабақшадан бастап бүлдіршіндер танымал балалар ақындарының өлеңдерін, балаға арналған қызықты әңгімелерді, тәрбиелік маңызы ерекше мысал өлеңдер мен әңгімелерді тыңдап өсуі керек. Көркем шығармаларды құр жаттап не тыңдап қана қабылдамай, 2-3 автордың аты-жөнін, тартымды туындыларын ажырата алу да мектепке дейінгі кезеңде бағдарламада көзделген. Осы мақсатта әдістемелік еңбектерде, әсіресе бағдарламаларда Мұзафар Әлімбаев, Жақан Смақов, Қадыр Мырзалиев, Әдібай Табылдиев, Мүбәрак Жаманбалиновтардың шығармашылығынан сәбилер өміріне жақын туындылар ұсынуды ұмыпағанымыз жөн. Балаларға арналған туындылардың алғашқы үлгілерін Ы. Алтынсарин, М. Жұмабаев, І. Жансүгіров, Ө. Тұрманжановтар көрсетті. Бірақ классик жазушыларымызды бүлдіршіндер танымай, білмей өсіп келеді.

Бүгінгі қайта жаңғыру заманының ізденгіш тәрбиешілері мен жас ата-аналарына қоятын талабы – тіл дамыту іс-әрекеттерін ұйымдастыруда тілдің қоғам дамуы мен адамның тұлға ретінде қалыптасуындағы ролі туралы таным теориясын әрдайым еске ұстау. Баланың жастайынан шығармашылыққа баулынуы оның сөзінен, ақыл-ойынан байқалады. Әрине, ата-әже бауырында болып, тілдік қатысымға күнделікті табиғи түрде түсетін балада байланыстырып сөйлей алмай қалу қаупі жоқ. Үлкендер тарапынан басшылық жасалмаған баланың бастауыш мектептегі оқуынан шығарылатын нәтиже жиған білімімен сәйкеспейтін, бала мінезін жат тілге еліктеушілікке апаратын білім болып шығады деп түйіндеуге болады.

Ендеше, 3-9 жас арасындағы баланың байланыстырып сөйлеу тілін дамытуға өте тиімді көркем шығармаларды дұрыс таңдау, алдымен олардың әрбір жанрын мезгілімен баланың қабылдау қабілеттеріне қарай сусындату мектепке дейінгі және бастауыш оқыту сатысындағы бағдаламаларды өзара сабақтастықта құруды талап етіп отыр. Жас кезінен көркем шығарманы сүйіспеншілікпен тыңдауға үйретуді отбасында дәстүрге айналдырып, мекемелердегі баламен ұйымдастырылатын оқу іс-әрекеттерінде (ойында, күнделікті қарым-қатынаста, тіл дамыту, көркем әдебиетпен, музыкамен таныстыру, драма сабақтарында) жүйелі түрде іске асырып отырсақ, баланың өз халқының әдеби мұрасын, ана тілінің байлығын ардақтайтын тұлға болып қалыптасуына негіз қаланбақ.

2021 жылғы 15 наурызда Қазақстан Республикасы Үкіметінің №137 қаулысымен мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту моделі бекітілді. Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамыту мен жетілдіру бағытын айқындайтын тәсілдер мен қағидаттар жиынтығын құрайтын модельде «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығының базасында Балаларды ерте дамыту институты, өңірлердегі әдістемелік кабинеттердің жанында балаларды ерте дамыту мәселелері жөніндегі мобильді топтар құрылатыны, онда мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың педагог қызметкерлеріне білім беру бағдарламаларын, әдістемелік материалдарды, оқыту әдістерін іске асыруда, мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мен тәрбиелеуде, білім беру процесін ұйымдастыру мен басқаруда, оны психологиялық қолдауда әдістемелік көмек көрсету функциясы көрсетілген екен. Бірақ біз осындай байланысты оқу бағдарламаларынан көріп отырмыз ба, өзіміз оқытып жүрген студенттеріміздің, әрі балабақша тәрбиешілерінің құзыреттілігін арттыруға, бала тілін жетілдіруге арнап әзірлеген оқу-әдістемелік құралдарымыздың бір орталықтан практикаға енгізіліп жатқанына көз жеткізіп жатқан жоқпыз.

Осы мәселенің барысын жоғары оқу орнында кәсіби маман даярлауға негізделген кез келген мекеменің білім беру бағдарламасына назар аударуға болады. Көпнұсқалыққа жол берілген қазіргі кезеңде әрбір оқу орындарының 5B010100- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығына жасалған бағдарламалары да жекелеген нұсқаларға айналған деуге болады. Бакалавриат деңгейіндегі білім, біздіңше, біркелкі болса, небір әржақтылыққа жол берілмес еді. Мысалы, «Мектепке дейінгі балалардың тілін дамыту әдістемесі» мен

«Баланың қарапайым математикалық түсініктерінің дамуы» әдістемелеріне міндетті компонентте үлгі бағдарламада екі семестр бойы оқыту берілген және әр семестрде 5 кредит бөлінген. Шынтуайтында, элективті пәндер басып кеткендіктен, бұл болашақ маманға қажетті пәндер бір-ақ семестр оқытылып жүр. Бала тілінің әдеби-біліми танымдық дамуына ықпал ететін міндетті пәндердің бірі - «Балалар әдебиетінің» оқытылуында мектеп жасына дейінгі шығармалар қамтылып келе ме? Бұл мәселе де бірнеше жылдар бойы жабулы қазан күйінде келеді.

Мектепке дейінгі кезеңде бала сорғыш қағаз сияқты неге үйретсеңіз, соны қағып алады. Дүниеге келе салысымен смартфондар мен планшеттерге байланған балаларға ұлттық құндылықтың тұғыры – ана тіліміздің табиғи дамытылуына жеткізетін жол ата-ана мен педагогтер тарапынан үздіксіз жүргізілетін бала тілін дамыту үрдісі болып табылады. Жоғары топ балаларының байланыстырып сөйлеуі бастауыш мектепте өз жалғасын табуына осы білім мекемелерінде ұйымдастырылатын оқу іс-әрекеттері мен сөйлеу ортасына байланысты. Оқу, үйрену практикалық болмай, баланың сөйлеуі болмайтынын білеміз. Қазір теориядан практикаға көшу, ЖОО-да оқитын білімгерлер өздерін балабақшада қандай бағдарламалар күтіп тұрғанын, 2-6 жастағы балаларды мектепке дейінгі тәрбиемен және оқытумен қандай әдіс-тәсілдер арқылы қамту жолдарын біліп барумен қатар, ол білімді (мысалы, баланың сөйлеу деңгейінің) жетістігін әрі қарай 1-сыныптан қалай жалғастырылатынын да ескеруі керек. Осы орайда, ресейдің 1-ші сыныптарына тіл дамыту, сауат ашу сабақтарына дайындалған қосымша жұмыс дәптерлеріндегі тілдік жаттығулар ерекше оңтайлы екендігі байқалады. Ондағы логикалық тапсырмалар, жұмбақтар, бала танымына жеңіл қабылданатын қысқа әңгіме, ойын өлеңдер балаларға сәби шақтан эстетикалық ләззат сыйлаған туындылар. Бала дәптердегі материалдармен жұмыс жасайтын сөздік қоры болған жағдайда ол қиындықтардан тез шығады, шыққанына қуанады, сөзге қарама-қарсы сөз, бір түбірден бірнеше сөздерді тапқызатын жаттығуларға еркін қатысып, өзінің отбасының, балабақшасының білімін әрі қарай ұштай түседі. Міне, бұл – сабақтастық. Кіші-гірім фольклорлық туындылардан басталатын 2-сыныпқа арналған «Әдебиеттік оқу» пәнінде балабақшадан үйреніп, шешіп келген жұмбақтарынан басқа тұрмыс-салт жырларынан төрт түлік мал туралы ауызша тез айылатын тақпақтар, жануарлар айтысынан басталатын қиял-ғажайып ертегілерімен аяқталатын ауыз туындылары оқытылады. Бірінші сыныпта «Ана тілінен» берілген тақырыптық бағдарламалар баланы айналамен таныстыруға, яғни оны қоғамдық өмірге бейімдеуге, ана тілінің дыбыстық, буындық, тасымалдық, грамматикалық құрылымдарын білдіруге, бағытталған. Авторлар «Ана тілін» әліппенің материалдарын бекітуге, ана тіліміздің грамматикалық құрылымдық жағын үйретуді баста назарда ұстап, көркем әдебиет материалдарына мән бермеген, 1-сыныпта балабақшада атын біліп, өлеңдерін жаттап келген балалар ақындарының бірде бірін кездестірмейді. Жүсіпбек Аймауытовтың оқуға шақыру өлеңі күз айына байланысты ұсынылған, ал кешегі балабақша баласына бұл ақын беймағұлым.

Балабақшадан «Сөйлеуді дамыту» және «Көркем әдебиет» деп жаңаша аталатын оқу-іс әрекеті 1-сыныпта «Әліппе» және «Ана тіліндегі» материалдармен үндесіп, жалғасуында осындай азын-аулақ кемшіліктер бар сияқты. Бұл жағдаят, біріншіден, балалар ойын, серуен, демалыс сәттерінде жаттап келген ойын өлеңдерінен ажыратады, екіншіден 2-сыныпқа дейін өздері балабақшадан естіп, танып қалған ақын-жазушыларының аттарын естімейді, шығармаларын ұмыта бастайды деп есептейміз. Орыс тіліндегі авторлық ертегілерді орыс балалары мектеп табалдырығын аттасымен тани бастаса, қазақ баласы «Мақта қыз бен мысықтан» басқа еш ертегіні бағдарламадан естімейді. Оқулық құрастырушылар мен ғылыми-әдістемелік сарапшылары баланың көркем шығарманы оқи білуден, оның мазмұнынан ләззат алудан да, авторларын еске түсіруден де аулақ қалатынын ескермейтін сияқтымыз.

Көркем шығармалар арқылы білім берудің сабақтастығы мен үздіксіздігін қамтамасыз ету 3 жастан 9-10жас аралығында баланың рухани дамуына ықпал етіп, ұлттық құндылықтарды бойларына сіңіруді жүзеге асырады. Осы мақсатта біз 2020жылы I.

Жансүгіров атындағы Жетісу университетінің КЕ АҚ баспа бөлімінен «Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем туындылармен таныстыру» деген аталыммен оқу-әдістемелік оқу құралын шығардық [3] . Оқулықты құрастырудағы мақсатымызды төменде берілген түсініктер мен мазмұн құрылысынан байқауға болады. Атап айтқанда:

«Кіші-гірім көркем шығармаларды, 1-ші, 2-ші кіші топтағы балалар тәрбиешімен бірлескен ойын үстінде тез жаттап алады. Сәбилерге жеңіл тақпақтан бастап, тақырыптық жоспардағы Отан туралы неғұрлым қиынырақ өлеңдер арнайы жаттатылады.

2 жастан 3 жасқа дейінгі бірінші кіші топта көркем әдебиетті: халықтық тақпақтарды, авторлық өлеңдерді баланы ойната отырып, интонациямен (дауыс мәнерімен) қабылдану сәбилердің шығарма мазмұнына эмоционалды көңіл-күй таныта білуіне, суретті, мазмұнды қызықты шығармаларды қызыға тыңдауына жеткізетін тиімді әдіс» деп оқу құралының түсініктеме бөлімінде көрсетіп, әрбір тараушасында шығарма жанрларының бастауыш мектепте жалғасы сақталатыны сөз етілді. Біздің айтпағымыз: сабақтастық жұмыстар отбасы, балабақша және бастауыш сынып бағдарламаларында қолданылатын әдіс-тәсілдер мен мазмұндық байланыста болуы өте маңызды. Ол үшін екі оқу-тәрбие мекемесінің әдіскерлері, педагогтері ата-аналармен және өзара оқу-әдістемелік құралдарды насихаттай білулері керек.

Ұсынылған оқу-құралдың қосымшасында балалармен бос уақытта ойнатылатын ойындар барысында жаттатылатын тақпақтар мен өлеңдер, сахналауға лайықты мазмұнды диалогті мәтіндер, жанрларын кітаптан мәнерлеп оқу және мазмұнын әңгімелетуге, сахналауға болатын кіші-гірім көркем шығарма үлгілері берілді. «Тіл дамыту», «Балалар әдебиеті» пәндері бойынша қолдануға болатындай етіліп, оқу-әдістемелік құралдың электронды нұсқасы да іске қосылды.

Білім мен тәрбие жүйесінде қазіргі бастауыш мектеп сатысынан бастап ізгілендіру ұстанымын (принципін) ұстану балабақшада ұйымдастырылатын тілдік тәрбиеге байланысты. Балаға сенім артып, оның жеке басының қасиеттерін ескере отыра, қысымшылық жасамай еркін сөйлеу кітаппен жүргізілетін жұмыстардан көрінеді. Оқылған жаңа әңгімеден кейін оның мазмұнын қайталап айтқызу, яғни әңгімелесу ұдайы жүргізілсе, балаларды жалықтырмайтын болады, мұны тәжірибе көрсетуде. Дегенмен, баланың монологті сөйлеу тілін дамытуды топқа ертегі не әңгіменің ең қызықты жерлерін қайталап айтқызу: шығарма мазмұнын, есте сақтауларын бекіту үшін «Кім есіне сақтады? Қанеки, кім айтады? Түлкі «Қасқыр мен түлкі» ертегісінде не істеуші еді? «Ауырған арыстан», «Залым түлкі», «Түлкі мен қораз» ертегілерінде ше?» деп балалардан өзара сөз жарыстырып сұрау; «Мына бір ертегіде кейіпкер не деп еді, басқаша айтса, қалай болар еді?» деп кейіпкер сөзді қайталап айтқызу тәсілдері қолданылады да, баланың белсенді сөйлеуі, яғни әңгімелесуге төселуі жетілдіріле түседі.

Ересектер тобында балалармен оқылған кітаптар туралы арнайы әңгіме өткізу деген жаңа сабақ түрі енгізілген. Мұндай сабақты ұйымдастыру мектепке даярлық тобы мен мектепалды оқытуда оқытылатын жекелеген кітаптар санының болуына тікелей байланысты. Тәжірбиелі тәрбиешілер ересек, мектепке даярлық топтарында балаларды кітапқа ерекше қамқорлықпен қарауға жеткізеді. Балабақшаға келгеннен бері қандай суретті кітаптар қарастырылғанын, топтағы шығармалар жинағынан қандай ертегі, қандай әңгімелерді ерекше ұнататынын айта білетін балаларды да тәрбиелейтін орта балабақшада қалыптасып, бұл ортаның бастауыш сыныптарда жалғасын табуы ләзім. Жнақтай айтқанда, ұсынысымыз:

- Оқу-тәрбие жұмыстары бойынша көтеріліп жатқан мәселелер, заманауи ғылыми зерттеулер, педагогтердің еңбектері, іс-тәжірибелік озық технологиялар бір орталыққа жинақталып, балаларға берілетін білім мен тәрбие бағдарламаларына ресми енгізілуі қарастырылса;

- Бастауыш оқытудағы білікті мамандар мен мектепке дейінгі білім саласы бойынша танымал ғалымдар кеңесі (институты) құрылып, олардың ұсынысымен бекітілген арнайы сарапшылар республика балабақшалары мен бастауыш оқыту сатысына арналған біліми, ғылыми, техникалық ресурстарды тарату миссиясына ие болса;

Осы талап-тілектер ұжымдасқан жүйеде жүзеге асырылатын болса, біздердің тарапымыздан өз инициативімізбен шығарып жатқан еңбектеріміздің мінін түзеп, нәтижелері көпшілікке таратылар еді деп ойлаймыз.

ӘДЕБИЕТТЕР:

1. Бөкейханов Ә. Шығармалары –Алматы: Білім.1995.472б
2. В010100- Мектепке дейінгі оқыту және тәрбиелеу мамандығының- Білім беру бағдарламасы. <https://kaznpu.kz> > docs > obraz_program.
3. «Мектеп жасына дейінгі балаларды көркем туындылармен таныстыру» Бакраденова А.Б., Таурбекова А.С. Электронды оқу-әдістемелік құрал. Талдықорған, 2021ж.